

4. Uzakbaeva S., Ajtpaeva A. *Kazahskie narodnye detskie igry. (Kazakh folk children's games) Almaty: Respubl. izdat. kabinet Kazahskoj akademii obrazovaniya im. I.Altynsarina, 2000, 170.*

5. Magauova A.S. *Jetnopedagogika v sisteme professional'noj podgotovki specialistov. (Ethnopedagogy in the system of professional training of specialists) Almaty: Kazak universiteti, 2020, 145.*

6. Turdimatov D.B. *Vospitatel'naja funkciya nacional'nyh kazahskih igr v zhizni molodezhi. (The educational function of national Kazakh games in the life of youth) Molodoj uchenyj. - Kazan', 2016, №7(111), 712-714. URL: https://moluch.ru/archive/111/24271/ (data obrashheniya: 07.06.2023).*

7. Dzhanzakova Sh.I. *Jetnopedagogizacija jekologicheskogo vospitaniya mladshih uchashtsih v kazahskoj shkole: avtoreferat k. p.n.:13.00.01 (Ethnopedagogization of ecological education of younger students in the Kazakh school: Ph.D. abstract: 13.00.01) Moskva, 1998, 17.*

8. Stepanova N.M. *Kazahskie nacional'nye igry kak sredstvo vospitaniya molodezhi: uchebnoe posobie. (Kazakh national games as a means of educating youth: a textbook) Pavlodar, 2006, 66.*

ГТАХР 14.25.17

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.86.2.032>

А.Е.Жекеева,^{1*}  А.Е.Жумабаева¹ 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МҰМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі таңда ақпараттың көлемі мен қол жетімділігінің артуы білім алушылардан ақпаратты тиімді пайдалану, бағалау және синтездеу қабілеттерін талап етеді. Сол себепті бұл мақала бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру мәселесіне арналады. Ғылыми әдебиеттерді зерттеу негізінде оқушыларға оқу сауаттылығын қалыптастыру жағдайына талдау жасалды. Мақалада оқу сауаттылығы – жазбаша мәтіндерді түсіну, оларды талдау және өмірде қолдану қабілеті ретінде анықталды.

«Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастырудағы мұғалімдердің ролі мен түсінігі» тақырыбында бастауыш сынып мұғалімдерінен ашық сауалнама алынды. Зерттеу барысында сапалық әдіс қолданылды, бұл бастауыш сынып мұғалімдерінің түсініктері мен тәжірибесін терең зерделеуге мүмкіндік береді. Алынған деректер мазмұндық талдау әдістері арқылы өңделіп, тақырыптық талдау жүргізілді. Сауалнама нәтижесінде, мұғалімдердің оқу сауаттылығын қалыптастырудағы ролі бойынша негізгі тақырыптық бағыттар анықталды.

Түйін сөздер: оқу сауаттылығы, функционалдық сауаттылық, цифрлық сауаттылық, сауаттылық, бастауыш сынып оқушылары.

Жекеева А.Е.,^{1*}  Жумабаева А.Е.¹ 

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан

ВОЗМОЖНОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ У УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

В настоящее время увеличение объема и доступности информации требует от учащихся способности эффективно использовать, оценивать и синтезировать информацию. В связи с этим настоящая статья посвящена проблеме формирования читательской грамотности у учащихся. В статье читательская грамотность определяется как способность понимать письменные тексты, анализировать их и применять в жизни.

В рамках исследования была проведена открытая анкета среди учителей начальных классов на тему «Понимание учителями формирования читательской грамотности у учащихся начальных классов». В исследовании применялся качественный метод, позволяющий глубже изучить представления и опыт учителей начальных классов. Собранные данные были обработаны методами контент-анализа, а также проведен тематический анализ. В результате анкетирования были определены основные тематические направления, связанные с ролью учителей в формировании читательской грамотности.

Ключевые слова: читательская грамотность, функциональная грамотность, цифровая грамотность, ученики начальных классов.

Zhekeyeva A., ^{1*} Zhumabayeva A. ¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

OPPORTUNITIES FOR DEVELOPING READING LITERACY IN PRIMARY SCHOOL STUDENTS

Abstract

Currently, the increasing volume and accessibility of information demand that students develop the ability to effectively use, evaluate and synthesize information. In this context, the present article addresses the article as the ability to comprehend written texts, analyze them and apply them in real-life situations.

As part of the research, an open-ended survey was conducted among primary school teachers on the topic «Teachers understanding of developing reading literacy in primary school students». A qualitative research method was employed to gain deeper insights into the perceptions and experiences of primary school teachers. The collected data were analyzed using content analysis methods, as well as thematic analysis. The results of the survey identified key thematic areas related to the role of teachers in fostering reading literacy.

Keywords: reading literacy, functional literacy, digital literacy, primary school students.

Кіріспе. Соңғы он жылдықта Қазақстанның білім беру саласында елеулі трансформация орын алды. Бұл трансформация оқу дағдарысымен күресуге, білім алушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, озық, когнитивті, әлеуметтік-эмоционалдық, техникалық және цифрлық дағдыларды меңгеруге жаңа мүмкіндіктер ашты. Нәтижесінде қазір сыни тұрғыдан ойлауға, проблемаларды шешуге, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға көбірек көңіл бөлінуде. Аталған бұл өзгеріс оқу процесінде білім алушылардың тек ақпаратты қабылдауға емес, сонымен қатар оны талдауға және шығармашылықпен қолдануға үйретеді. Функционалдық сауаттылық – оқушылардың академиялық біліммен ғана шектеліп қалмай, ақпаратты тиімді пайдалану мен әлеуметтік ортада қолдану қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Сонымен қатар бүгінгі таңда ақпараттың көлемі мен қолжетімділігінің артуына байланысты білім алушылардан оны тиімді пайдалану, бағалау және синтездеу қабілеттері талап етіледі. Ал функционалдық сауаттылық білім алушыларды осы дағдылармен қаруландырады және оларды әлеуметтік ортаның белсенді мүшелері етіп қалыптастырады.

2011 жылдан бастап функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған бірнеше реформалар жүзеге асырылып келе жатыр. Мысалы, «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарын» атауға болады.

Елімізде оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілуде, дегенмен оқушылар PIRLS халықаралық 2021 жылғы зерттеуінің нәтижесінде (Бенчмаркинг шеңберіндегі қатысушы өңірлерді қоспағанда) 38 орында тұр [1]. Ақпаратты табу және қорытындыларды тұжырымдау бойынша нәтижелері 2016 жылғымен салыстырғанда -24 ке айтарлықтай құлдырау орын алған. Осы себепті білім алушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру қажеттілігі артады.

Қазіргі таңда оқу сауаттылығы әлемдік білім беру сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. PIRLS халықаралық зерттеуінде оқушылардың оқу дағдыларына үлкен мән беріледі. Қазақстан да осы зерттеуге қатысу арқылы білім беру сапасын әлемдік деңгейде салыстыруға және жетілдіруге мүмкіндік алды.

Зерттеудің негізгі идеясы бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру мүмкіндіктерін анықтау. Идеяны жүзеге асыруда төмендегідей негізгі ережелер басшылыққа алынды:

- бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру мәселесі бойынша ғылыми-теориялық зерттеулер;

- бастауыш сынып мұғалімдерінен оқу сауаттылығын қалыптастырудың мүмкіндіктері туралы пікірлері мен көзқарастары жайында сауалнама нәтижесінде алынған ақпарат.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымын алғаш 1957 жылы ЮНЕСКО «сауаттылық» және «ең төменгі сауаттылық» ұғымдарымен қатар енгізген. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – күрделі, көп жақты, ұзақ процесс. Функционалдық сауаттылық (лат. – бағыт) – адамның өзіне жүктелген немесе өзіне ерікті түрде алынған функцияларды орындауға дайындық дәрежесі [2].

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мен дамытуды жүзеге асырудың теориялық негіздерін әзірлеу – ұлттық деңгейде функционалдық сауаттылықтың түсінігін қалыптастыруға, функционалдық сауаттылық деңгейлерін әзірлеуге, сондай-ақ дәлелді негізделген функционалдық сауаттылықты дамыту шеңберін қалыптастыруға мүмкіндік береді [3].

Функционалдық сауаттылық мыналарды қамтиды: оқу сауаттылық; математикалық сауаттылық; жаратылыстану сауаттылық, цифрлық сауаттылық, жаһандық құзыреттер, қаржылық сауаттылық, шығармашылық ойлау.

Джон Д.Рейли функционалдық сауаттылықты – адамның оқу жазу және есептеу қабілеттерін күнделікті өмірде, жұмыс жағдайларында және қоғамда тиімді пайдалана алу қабілеті ретінде сипаттады. Ол сонымен қоса функционалдық сауаттылықты тек академиялық біліммен шектелмей, практикалық дағдыларды дамытуға бағытталғанын көрсетеді. Осылайша Рейлидің еңбегі функционалдық сауаттылықтың білім беру жүйесіндегі маңыздылығын көрсетіп оны оқушылардың жеке және кәсіби дамуы үшін қажетті дағдылардың бірі ретінде танытты [4].

Отандық ғалым А.Е.Жұмабаева жалпы функционалдық сауаттылық оқушының бойында мектептегі әр пәннің негізінде қалыптасатындығы туралы «Жаңартпалы тәсілдерге негізделген бастауыш білім мазмұны заман талабы» мақаласында жан-жақты тоқталған. Сонымен қатар Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған әдістемелік нұсқау хатта оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу жұмыстарына бейімделген тапсырмалар; экономикалық, тарихи мазмұндағы тапсырмалар; тәжірибеге бағытталған тапсырмалар т.б.) екенін атап өтті [5].

Оқушы үшін – бастауыш сынып білім беру жүйесінің маңызды кезеңі болып келеді. Себебі бұл кезеңде алынған білім мен дағдылар болашақтағы оқу мен өмір сүру негізін қалайды. Ал оқу сауаттылығы бастауыш сынып оқушыларының жеке, кәсіби және әлеуметтік өмірінде табысты тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

Бұл жерде оқу сауаттылығы дегеніміз – «жазбаша мәтіндерді түсіну және оларға рефлексия жасау қабілеті. Білім алушылар диаграммалар, суреттер, карталар, кестелер және графиктер түрінде берілген әртүрлі жанрдағы мәтінді түсіну, ақпаратты табу, мәтінді түсіндіру, оның мазмұны туралы ойлану, оның мәні мен мағынасын бағалау қабілетін көрсетуі тиіс» [6].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде оқу сөзі төмендегідей қарастырылған:

Оқу – білім алу, оның бір саласын игеру, меңгеру жолындағы ізденіс, іс-әрекет. Оқу (оқы етістігінің қимыл атауы) жазудың қарасын айыру, тану [7].

Оқу – оқушының алдағы іс-әрекеті үшін білім, білік дағдыларды мақсатты түрде меңгеру процесі. Мектеп жағдайында оқу оқытумен өзектес жүреді. Оқу оқушының ақыл-ой (байқау, оқу, тапсырма орындау, т.б) дене «шеберханада, мектеп жанындағы үлескіде жұмыс істеу, т.б.) жұмысының жиынтығын бейнелейді. Мұғалімнің оқытқанын оқушы оқуда жүзеге асырады: тапсырманы көшіру, орындау және шығармашылық өзіндік әрекеттер орындалады [7].

Ал, біздің көкейкесті мәселемізді қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *оқу-жаттығу* – оқу арқылы алынған теориялық білімді тәжірибемен ұштастыруға бағытталған үдеріс деп қарастырған [7].

Оқу сауаттылығы – бұл адамның өмірде толыққанды қалыптасуына және жеке мақсаттарына жетуіне қажетті әртүрлі жазбаша және сөйлесу формасын түсінуі мен терең ойлау, өз мақсаттарына жетуі мен өмірде толыққанды жетістікке жету қабілеті деп көрсетіледі. Соның негізінде адамзат және қоғам үшін білім саясатында басты принциптерді қалыптастырады [6].

Оқу сауаттылығы ресми ұғым ретінде ХХ ғасырдың ортасында Америка құрама штаттарында қалыптаса бастады. Carl Brigham 1926 жылы Стенфорд университетінде SAT (Stanford Achievement Test) (қазіргі таңда Scholastic Assessment Test деп аталады) тестін енгізді. Бұл стандартталған тест колледждер мен университеттерде қабылдауда студенттердің академиялық дайындық деңгейін бағалауға бағалауға көмектеседі. Тест 11-12 сынып оқушылардың оқу, жазу және математикалық дағдыларын бағалайды. SAT тесті студенттердің оқу сауаттылығын анықтау үшін арнайы бөлімдер мен тапсырмаларды қамтиды және оқушылардың мәтінді түсіну, анализ жасау, сыни ойлау қабілеттерін бағалауға бағытталған.

Сонымен қатар, оқу сауаттылығы 1969 жылы АҚШ-та NAEP (National Assessment of Educational Progress) алғашқы ұлттық зерттеу бағдарламада жүзеге асырылды. Бұл бағдарлама оқушылардың оқу, жазу, математика, ғылым, тарих және география пәндері бойынша оқушылардың білім деңгейін, дағдыларын және білім беру жүйесінің тиімділігін анықтау мақсатында жасалған. NAEP бағалауы әр үш жыл сайын 3 сыныптан – 12 сынып оқушылары арасында жүргізілді. NAEP нәтижелері АҚШ-тың білім беру жүйесін жақсарту үшін жаңа стратегиялар мен бағдарламалар әзірлеуге мүмкіндік туғызды[9].

NAEP оқу сауаттылығын бағалау үшін мәтіндермен жұмыс, сыни ойлау дағдыларын дамыту, мәтіндер арасындағы байланыстарды анықтау және әртүрлі тапсырмалар түрлерін қолданады. Бұл тәсілдер оқушылардың оқу дағдыларын жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді.

William S.Gray оқу сауаттылығын тек мәтінді оқу және түсіну қабілеті ретінде емес, сонымен қатар:

- Ақпаратты талдау: Оқушылардың мәтіндерден ақпаратты тиімді түрде шығарып алу қабілеті.
- Интерпретациялау: Мәтіндердің мазмұнын түсіну және оларды өз бетінше талдау.
- Қолдану: оқу сауаттылығының практикалық аспетісі яғни алынған ақпаратты өмірде қолдану қабілеті.

Сонымен қатар Gray оқушылардың әртүрлі оқу деңгейлері мен қажеттіліктерін ескере отырып жеке тәсілдерді ұсынды. Оқу сауаттылығын дамытуда әр оқушыға жеке назар аударудың маңыздылығын атап өтеді [10].

Рудолф Флеш еңбегінде оқу сауаттылығының мәселелеріне терең талдау жасап, дәстүрлі оқу әдістерінің кемшіліктерін ашып көрсетеді. Ол фонетикалық оқыту әдісіне яғни балалардың дыбыстық талдау арқылы сөздерді оқуға үйретудің маңыздылығына басты назар аударды, оқу материалдарының қолжетімділігі мен балалардың оқу қызығушылығын арттыру жолдарын ұсынуы, білім беру реформасына әсер етті. Флеш ата-аналар мен мұғалімдерге практикалық кеңестер бере отырып, балалардың оқу дағдыларын дамытудағы нақты стратегияларды ұсынып, оқу сауаттылығын арттыруда маңызды рөл атқарады [11].

Е.Х.Хиеберт оқу сауаттылығын тек мәтінді оқу мен түсіну қабілеті ретінде емес, сонымен қатар оқу материалдарының сапасына, оқушылардың әлеуметтік және мәдени контекстіне байланысты кешенді процесс ретінде қарастырды. Оқу материалдарының мазмұны мен сапасының оқу процесіне әсерін зерттеп, балаларға арналған мәтіндердің жасына, қызығушылығына және оқу деңгейіне сай болуын ұсынды және оқушылардың мотивациясы мен қызығушылығын арттыру үшін мұғалімдердің рөлін нығайтуға назар аударды [12].

Жанна Чалл оқу сауаттылығын оқу, жазу және мәтінді түсіну қабілеті ретінде анықтайды. Бұл процесте механикалық дағдылар мен ақпаратты талдау, интерпретациялау және қолдану қабілеттері маңызды рөл атқарады. Чалл оқу процесін бес кезеңге бөледі, әр кезеңде

оқушылардың дағдылары мен даму ерекшеліктері ескерілген. Бұл кезеңдер оқушыларға оқу мен жазудың негіздерін меңгеруге, оқу қабілеттерін жетілдіруге және оқу материалдарын терең түсінуге мүмкіндік береді [13].

Автор өз еңбегінде оқу материалдарының сапасы мен мазмұны оқушының жасы мен даму деңгейіне сай болуы керек екенін атап өтеді. Чалл мұғалімдерге практикалық кеңестер мен стратегиялар ұсынды және оқу сауаттылығы – білім берудегі жетістікке жетудің негізгі дағдысы деп қарастырды.

Негізгі ережелер. Оқу сауаттылығы бойынша өз үлесін қосқан орыс ғалымы Лев Выготский оқу сауаттылығы мен мәтінмен жұмыс жасауды баланың когнитивтік және әлеуметтік дамуының негізі деп санаған. Выготскийдің пікірінше оқу сауаттылығы жақын арадағы даму аймағында дамиды: мұнда мәтінмен жұмыс істеу барысында оқушының түсінуі мен интерпретациялауы сыртқы қолдаудың көмегімен жетілдіреді. Мәтін оқу әрекетінің негізгі құралы және мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқушылар: когнитивтік қабілеттерін (ойлау логикасы, сыни талдау), тілдік дағдыларды және әлеуметтік тәжірибені меңгеру арқылы функционалдық сауаттылыққа алғашқы қадам жасайды деп көрсеткен [14].

Материалдар мен әдістер. Соңғы жылдары білім деңгейінің күрделенуіне байланысты білім алушылардан алған ақпаратты сараптау және пайдалана алу қабілеттері талап етіледі. Аталған себептер білім алушылардың оқу сауаттылығын дамыту мен нығайтудың маңыздылығын көрсетеді сонымен қатар бұл оқушылардың болашағы үшін маңызды фактор болып табылады. Осыған байланысты мұғалімдерден «Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастырудағы мұғалімдердің ролі мен түсінігін анықтау қажеттігі туындады.

Зерттеу әдістемесі ретінде сапалық әдіс қолданылды. Сапалық бөлімде тематикалық талдау жасалды. Ашық сұрақ бастауыш білім беру мұғалімдері арасынан алынды. Ашық сұраққа отыз мұғалім қатысты және әр респонденттің жауаптары кодталды. Әр сұраққа жауап берілген сөздердің жиілігіне байланысты Word Cloud жасалды.

Word Cloud (сөз бұлтты) — мәтіндік мәліметтерден негізгі сөздерді визуалды түрде көрсету әдісі. Ол белгілі бір мәтінде жиі кездесетін сөздерді графикалық түрде бейнелейді. Көбінесе, жиі қайталанатын сөздер үлкенірек қаріппен, ал сирек кездесетіндері кішірек қаріппен көрсетіледі. Бұл әдіс мәтін мазмұнының маңызды аспектілерін тез әрі визуалды түрде түсінуге мүмкіндік береді.

Word Cloud мәтіндік деректерді талдауда сапалық әдіс ретінде кеңінен қолданылады. Ол:

- Негізгі тақырыптарды, идеяларды немесе тенденцияларды анықтауға көмектеседі;
- Мәліметтерге визуалды талдау жасау арқылы зерттеу нәтижелерін жеңіл және түсінікті түрде көрсетуге мүмкіндік береді;
- Сауалнамалар мен сұхбаттардың нәтижелерін жүйелеуде қолданылады.

Бұл әдіс біздің зерттеуімізде мәтіндерден негізгі терминдерді бөліп көрсету және талдау үшін қолданылды.

Ашық сұрақтың мазмұны төмендегідей сұрақтардан тұрды.

1. Функционалдық сауаттылық дегеніміз не?
2. Білім саласына функционалдық сауаттылықты енгізудің мақсаты қандай деп ойлайсыз?
3. Функционалдық сауаттылықты дамытудың тұжырымдамалық негізін нелер құрайды?
4. Оқу сауаттылығы дегеніміз не?
5. Функционалдық сауаттылық пен оқу сауаттылығының өзара байланысы қандай?
6. Оқу мен оқу сауаттылығының айырмашылығы қандай?
7. Оқушылардың оқу сауаттылығын бағалайтын қандай халықаралық бағдарламаны білесіз?
8. Мәтінмен жұмыс жасау оқу сауаттылығын қалыптастыруға қаншалықты әсер етеді?
9. Оқу сауаттылығын тексеру құралдарына не жатады?

Нәтижелер мен талқылау. Зерттеу барысында ашық сұрақтардың мазмұны оқушылардың функционалдық және оқу сауаттылығын дамытудағы рөлін тереңірек

зерттеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстарды қалыптастыруға негіз болады.

«Функционалдық сауаттылық дегеніміз не?» деген 1-сұрағына респонденттердің жауаптары кодталып, талдау арқылы мынадай бес тақырыпқа топтастырылды.

1. *Білімді практикада қолдану.* Бұл тақырыпта респонденттер ФС негізгі сипаттамасын білімнің өмірлік тәжірибеде қолданылуымен байланыстырады. Алған білімдерін күнделікті өмірде, кәсіби немесе әлеуметтік жағдайларда пайдалану мүмкіндігін ерекше атап өткен.


2. *Тұлғаны дамыту.* Функционалдық сауаттылықтың маңызды аспектісі ретінде респонденттер жеке тұлғаны дамытуға назар аударған. Бұл тұлғаның өзін-өзі жетілдіруі, жаңа дағдылар мен білімдер меңгеруі арқылы жүзеге асады.

3. *Қоғамға бейімделу және әлеуметтік қарым-қатынас.* ФС адамның әлеуметтік ортаға бейімделу қабілетімен де байланыстырылады. Сауалнамаға қатысушылар қарым-қатынас орната білу, ортаға бейімделу және жаһандық талаптарға сай әрекет ету мүмкіндігін арттыратынын атап өтті.

4. *Жаңа технологияларды меңгеру.* Жаңа технологияларды меңгеру функционалдық сауаттылықтың маңызды компоненті ретінде қарастырылады. Бұл әсіресе цифрлық және инновациялық дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі.

5. *Өмір бойына білім алу.* ФС білімді үздіксіз жетілдіруді қамтиды. Респонденттер мұны қазіргі дәуірдің маңызды талабы ретінде қарайды. Бұл адамның кәсіби және жеке өсуіне тұрақты түрде ұмтылысын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері бойынша, функционалдық сауаттылықтың көпқырлы түсінігі бар екенін байқауға болады. Ол білімді практикада қолдану, жеке тұлғаны дамыту, қоғамға бейімделу, жаңа технологияларды меңгеру және өмір бойы білім алу сияқты негізгі аспектілерді қамтиды. Біздің зерттеуіміз жоғарыда қарастырылған Рейлидің берген анықтамасымен сәйкес келеді. Алайда Рейли функционалдық сауаттылықты тек академиялық біліммен шектелмей, практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған деген тұжырыммен ерекшеленсе біздің зерттеуімізде *жаңа технологияларды меңгеру және өмір бойына білім алу* деп аталатын тақырыптарда заманауи технологияларды кәсіби және күнделікті өмірде қолдану қабілеті де, тұлғаның өзін дамытып, өмірде өз орнын табуға мүмкіндік беретіндігімен ерекшеленеді.



Сурет – 1 Сауалнаманың 1-сұрағының жауабындағы сөздер жиілігінің көрсеткіші

«Білім саласына функционалдық сауаттылықты енгізудің мақсаты қандай деп ойлайсыз?» деген 2-сұрақ төмендегідей бес тақырыпқа топтастырылды.

1. *Жеке тұлғаны дамыту.* Бұл тақырыпта жеке тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасау, оның әлеуетін арттыру және өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндік беру.


2. *Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту.* Сыни тұрғыдан ойлау функционалдық сауаттылықтың маңызды құраушысы. Оқушыларды шығармашылық тұрғыдан ойлануға және ақпаратты талдауға үйрету басты мақсат ретінде анықталған.

3. *Білім сапасын арттыру.* Функционалдық сауаттылықты енгізудің басты міндеттерінің бірі – білім беру сапасын арттыру және оқыту үрдісін жетілдіру. Бұл тақырып білім беру әдістемесінің сапасын арттыру және оқытушылар мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасты жақсартуды көздейді.

4. *Қоғамға бейімделу және өмірлік дағдыларды қалыптастыру.* ФС оқушыларды қазіргі заманның талаптарына сай бейімделуге және күнделікті өмірде алған білімдерін тиімді қолдануға үйретуді мақсат етеді.

5. *Болашаққа даярлау және үздіксіз даму.* ФС болашақта табысты тұлғаны қалыптастыруға және үздіксіз білім алу қажеттілігін мойындауға негізделген. Бұл тақырып білім беру жүйесінің оқушыларды болашақ өмірге даярлау және олардың үздіксіз білім алуға дайын болуын қамтамасыз ететінін көрсетеді.

Нәтижесінде функционалдық сауаттылықты білім саласына енгізу – оқыту процесін өмірлік маңызы бар құндылықтармен толықтыруға, оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға және олардың болашақтағы табысты өміріне жағдай жасауға бағытталған білім беру реформасының маңызды бөлігі екенін көрсетті. Бұл білім беру жүйесінің жаңаруы мен оқушылардың өмірлік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, функционалдық сауаттылық білім беру сапасын арттырудың, оқушыларды өмірге дайындаудың және олардың үздіксіз дамуын қамтамасыз етудің маңызды құралы ретінде айқындалды.



Сурет – 2 Сауалнаманың 2-сұрағының жауабындағы сөздер жиілігінің көрсеткіші

«Функционалдық сауаттылықты дамытудың тұжырымдамалық негізін нелер құрайды?» деген 3-сұрағына респонденттердің жауаптарын талдай отырып мынадай жеті тақырыпқа топтастырылды.

1. *Әдіс тәсілдер.* Бұл жерде әдіс-тәсілдердің оқу процесіне тиімді екендігін атаған және сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға бағытталған әдістерді қолданудың маңыздылығын көрсеткен.

2. *Білім алушы, мұғалім, тапсырмалар.* Респонденттердің басым бөлігі мұғалім мен оқушы арасындағы интерактивті қарым-қатынастың оқу нәтижелеріне оң әсер ететіндігін айтты. Тапсырмалардың сапасы мен мазмұнына ерекше назар аударуды баса айтқан.

3. *Жеке тұлғаның дамуы.* Оқушылардың жеке тұлғалық дамуында оқу, жазу дағдыларының маңыздылығын респонденттерде мойындаған. Сонымен қатар, қаржылық сауаттылыққа да көңіл бөлу қажеттілігі айтылды.

4. *Отбасылық өмір дағдылары да* функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда қажетті дағдыларды дамытуда маңызды рөл атқаратынын атап өткен.

5. *Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар* – білім алушылар үшін АКТ ны меңгеру оқу процесінде тиімділікті арттырады және ақпаратты өңдеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретінін айтты.

6. *Практикалық дағдылар* – оқушылардың практикалық дағдыларын дамыту үшін жағдаяттарды шешуге арналған тапсырмалар мен тәжірибелерді енгізу қажет. Бұл сауаттылықты арттырады.

7. *Оқу-танымдық құзыреттіліктер.* Оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылық бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық құзыреттіліктерін дамытуға негіз болады.

8. *Әлеуметтік белсенділік.* Мектеп арасындағы жарыстар, олимпиадалар, оқушылардың мәдени іс-шараларға қатысуы оқушылардың әлеуметтік дамуын арттырады.

Функционалдық сауаттылықты дамыту үшін кешенді және интегративті көзқарас қажет. Бастауыш сынып оқушыларының оқу-танымдық құзыреттіліктерін арттыру, АКТ-ны тиімді пайдалану, практикалық тәжірибе жинақтау және әлеуметтік дағдыларды дамыту – бұл білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған маңызды алгоритмдер.



Сурет – 3 Сауалнаманың 3-сұрағының жауабындағы сөздер жиілігінің көрсеткіші

«Оқу сауаттылығы дегеніміз не?» деген 4-сұраққа зерттеуге қатысушылардың пікірлері оқу сауаттылығының мынадай негізгі аспектілерін көрсетті:

1. *Ойлау қабілетін дамыту.* Оқу сауаттылығы оқушылардың жан-жақты ойлауын дамытуға ықпал етеді және мәтіндегі мәліметтерді талдай алуы мен өз пікірлерін білдірудің маңыздылығын атап өтті.

2. *Мәтіндерді және интерпретациялау.* Респонденттердің пікірінше оқу сауаттылығы бұл оқушылардың жазбаша мәтіндерді толық түсіну, олардың мазмұнын бағалау және ақпаратты дұрыс интерпретациялау қабілеті. Бұл оқу процесіндегі негізгі міндеттердің бірі ретінде қарастырылады. Оқу сауаттылығы тек ақпаратты меңгеруді ғана емес, оны талдап, өмірлік тәжірибеде қолдануды көздейді.

3. *Оқу, жазу және тыңдау дағдыларын дамыту.* Респонденттердің басым көпшілігі оқу сауаттылығының негізгі компоненттері ретінде оқылым, жазылым, тыңдалым дағдыларын дамытуды атады. Бұл дағдылар оқушылардың жан-жақты дамуына және білімді игеруіне мүмкіндік береді.

4. *Жаңа білім игеру және әлеуметтік биімделу.* Сауалнамаға қатысушылардың пікірінше, оқу сауаттылығы – бұл оқушылардың жаңа білімді игеруіне және әлеуметтік ортаға бейімделуіне көмектесетін қабілет деп көрсетті. Олар оқылған ақпаратты түсініп қана қоймай, оны өз өмірінде тиімді.

5. *Базалық білім.* Респонденттер оқу сауаттылығын базалық оқу-жазу дағдыларды меңгерудің негізі ретінде көрсетті. Оқу сауаттылықтың мақсаты – әрбір оқушыны оқу, жазу, тыңдау және түсіну бойынша қажетті қабілеттермен қамтамасыз ету екенін атап өтті.

6. *Ойды жеткізу.* Оқушылар өз ойын ашық және сауатты жеткізе алуы оқу сауаттылығының маңызды көрсеткіші болып табылады. Жазбаша мәтіндермен жұмыс істей отырып, олар өз пікірін дәлелді және логикалық түрде білдіруге үйренеді.

Осы алты тақырыпты талдай келе оқу сауаттылығы – бұл оқушылардың мәтіндерді түсіну, талдау, ой қорыту және пікірлерін білдіру қабілеттерін дамытуға бағытталған кешенді дағды екенін Жанна Чалдың еңбегінен байқауға болады. Жанна Чалдың оқу сауаттылығын оқу, жазу және мәтінді түсіну қабілеті ретінде қарастыруы сауаттылықтың базалық және

теориялық деңгейін сипаттайды. Алайда сауалнама нәтижелері оқу сауаттылығын тек мәтінмен жұмыс шеңберінде шектемей, оны әлеуметтік және өмірлік контексттерде қолданудың кең ауқымды құралы ретінде қарастырады. Сауалнама оқу сауаттылығының оқушылардың жеке тұлғалық, сыни ойлау, әлеуметтік бейімделу және практикалық қолдану қабілеттерін дамытудағы маңызды рөлін атап көрсетеді. Сонымен қатар сауалнама деректері оқу сауаттылығын заманауи талаптарға сай кеңірек қарастыру қажеттілігін көрсетеді.



Сурет – 4 Сауалнаманың 4-сұрағының жауабындағы сөздер жиілігінің көрсеткіші

«Функционалдық сауаттылық пен оқу сауаттылығының өзара байланысы қандай?» деген 5-сұрағына сұраққа жауап берушілердің пікірлерін талдай келе төмендегідей тақырыптар шығарылды.

1. Білім беру процесінің негізі;
2. Теория мен практика;
3. Мәдени және рухани даму;
4. Қоғамдық және әлеуметтік бейімделу;
5. Отбасы мен мектеп арасындағы қарым-қатынас.

Тақырыптық талдау нәтижелері функционалдық сауаттылық пен оқу сауаттылығының өзара тығыз байланыста екенін көрсетеді. Екі сауаттылық та жеке тұлғаның дамуына, білімді меңгеру мен оны өмірде қолдануға бағытталған. Оқу сауаттылығы мәтінді оқу, жазу, түсіну және талдау қабілеттеріне негізделсе, функционалдық сауаттылық алынған білімді тәжірибеде қолдануға, өмірлік мәселелерді шешуге және қоғамда белсенді болуға мүмкіндік береді. Екі сауаттылық білім беру процесінің ажырамас бөлігі.

Кейбір респонденттер бұл сұраққа М21 білмеймін деп жауап берсе М6 ұяшықты жауапсыз қалдырған. Екі респонденттің жауап бермегенін ескере отырып, сауалнамада жалпы түсіністік деңгейі жоғары болғанын атап өтуге болады. Алайда бұл жағдай функционалдық және оқу сауаттылықтарының мәнін түсіндіру бойынша қосымша жұмыстардың қажет екенін көрсетеді.



Сурет – 5 Сауалнаманың 5-сұрағының жауабындағы сөздер жиілігінің көрсеткіші

«Оқу мен оқу сауаттылығының айырмашылығы қандай?» б-сұрағына берген жауаптары негізінде төмендегідей тұжырымдарға келеміз.

1. *Негізгі анықтама және мағынасы.* Оқу – бұл тек мәтінді көру, қабылдау және оқу дағдылары арқылы ақпаратты өңдеу процесі. Оқу барысында оқушы мәтінді дұрыс дыбыстап ақпаратты оқып шығады, бірақ оның мазмұнын терең түсінбеуі мүмкін және әрдайым терең түсінуді қажет етпейді. Ал, оқу сауаттылығы тек мәтінді оқып шығумен шектелмей, оны бағалауға, тереңірек түсіну мен талдауға және мәтіннен қорытынды шығара білуге бағытталған.


2. *Түсіну және талдау деңгейі* тақырыбында респонденттер оқу сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуға арналған әдіс-тәсілдердің маңыздылығын атап кеткен. Бұл жерде оқу сауаттылығы – оқу түсіну процесінен талдау деңгейіне дейін кеңейтеді деген қорытындыға келдік.

3. *Қолдану және әлеуметтік бейімделу* – оқу негізінен жазбаша мәтінде оқу мен оны күнделікті өмірде қолдануға бағытталған базалық әрекет. Оқу сауаттылығы оқушылардың әлеуметтік ортаға бейімделуіне көмектеседі. Себебі олар мәтіндерді түсініп, әр түрлі контексте қолдана алады. Бұл білімді тәжірибеде қолданып, шешім қабылдап және ойлау қабілетін дамытудың негізі.

4. *Сыни ойлау.* Оқу мәтінді оқумен шектелсе, оқу сауаттылығы мәтінмен жұмыс жасау, талдау мен ой толғауды талап етеді. Сонымен қатар оқушы тек оқығанын емес, оның мәнін, себеп-салдарын түсінуге және оған қатысты өз пікірін білдіруге үйренеді.

5. *Әдіс-тәсілдер мен құралдарды қолдану* – бұл жерде оқушылар оқу процесінде оқу әрекетін қолданады және мәтінді дыбыстайды. Оқу сауаттылығында оқушылар мәтінді толыққанды түсіну үшін әр түрлі әдіс-тәсілдер қолданады. Мысалы: пікірталастар жүргізеді, мәтіннің негізі идеясын табады және нақты сұрақтар қою арқылы мақсатына жетеді. Бұл әдіс-тәсілдер оқушыларды кеңейтілген деңгейде ойлануға және ақпараттың ұзақ мерзімді жадыда сақталып өмірлік жағдаяттарда қолдануға үйретеді.

Респонденттердің берген жауаптарын талдай отырып осындай бес тақырыпқа топтастырылды және жауаптардың ішінен (М6, М8, М9) ұяшықтарды жауапсыз яғни сызықша белгісін қалдырған. Бұл респонденттердің осы сұраққа жауап беруге қиналғанын немесе ақпаратты сыни тұрғыдан талдау мен қолдануда қиындыққа тап болғанын көрсетеді деп есептейміз. William S.Gray оқу сауаттылығын тек мәтінді оқу және түсіну қабілеті ретінде емес, ақпаратты талдау, интерпретациялау және қолдану деп қарастырыса, біз өз зерттеуімізде Gray дің анықтамасын толықтыра түстік.



Сурет – 6 Сауалнаманың б-сұрағының жауабындағы сөздер жиілігінің көрсеткіші

«Оқушылардың оқу сауаттылығын бағалайтын қандай халықаралық бағдарламаны білесіз?» деген 7-сұраққа берілген жауаптарға талдау жүргізу нәтижесінде бірнеше негізгі тақырыптарға топтастырылды.

1. *PISA бағдарламасының танымалдылығы.* Респонденттердің көпшілігі PISA (Programme for International Student Assessment) бағдарламасын атап өткен. Жауаптардың ішінен PISA, Пиза, PIZA, PISSA сияқты нұсқаларда жиі кездескен. Бұл бағдарлама оқушылардың оқу сауаттылығын бағалауда кеңінен танымал екендігін көрсетеді. Алайда кейбір респонденттердің жауаптарында қателіктер орын алған. Бұл қателіктер зерттеу жұмысымызға кедергі бола алмайды. Сонымен қатар, PISA ның мұғалімдер арасында жиі аталуына қарамастан, оның бастауыш сынып оқушыларына тікелей қатысы жоқтығы маңызды мәселе болып табылады. Бұл мұғалімдердің жоғары сыныптарға арналған бағдарламаларды бастауыш деңгейдегі оқу сауаттылығын бағалау әдістерімен шатастыруы мүмкін екенін көрсетеді.

2. *TIMS және PIRLS бағдарламалы туралы түсінік.* Кейбір респонденттер аталған екі бағдарламаны атап өтті. Бұл бағдарламалар PISA мен салыстырғанда танымалдылығы аз екені байқалды, алайда бұл нәтиже толыққанды білмейді деуге келмейді. TIMS бастауыш сыныптарда математикалық және жаратылыстану білімін тексеруге бағытталса, PIRLS оқушылардың оқу сауаттылығын бағыттайды. Екі бағдарлама да 4-сынып оқушыларына бағытталған және олардың білім деңгейін, дағдыларын ерте жастан зерттеу арқылы ұлттық білім беру жүйесінің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік береді.

3. *Ақпараттың жеткіліксіздігі.* «Білмеймін» немесе мүлде жауап бермеген респонденттерде бар. Нәтижесінде әліде халықаралық зерттеу бағдарламалары туралы ақпарат беру қажеттілігін көрсетеді.

4. *Қосымша жауаптар.* Кейбір респонденттер авторлық бағдарламалар, интернет олимпиадалар деген пікірлерді де жазған.



Сурет – 7 Сауалнаманың 7-сұрағының жауабындағы сөздер жиілігінің көрсеткіші

«Мәтінмен жұмыс жасау оқу сауаттылығын қалыптастыруға қаншалықты әсер етеді?» деген 8-сұрақтың жауаптарын талдау барысында бірнеше негізгі тақырыптарға топастырылды.

1. *Мәтінмен жұмыс жасаудың оқу сауаттылығын қалыптастырудағы тиімділігі.* Көптеген жауаптар мәтінмен жұмыс жасаудың оқу сауаттылығын дамытуда оң әсер ететінін көрсеткен. Респонденттер мұны «оң әсер етеді», «керемет нәтиже береді», «тиімді», «өте жақсы» деп сипаттаса, кейбірі бұл әдісті оқу сауаттылығын дамытудағы негізгі құрал ретінде қарастырған. Сонымен қатар М2 мәтінмен жұмыс жасаудың тиімділігін «90%» деп көрсеткен, бұл оны дамытудағы жоғары ықпалын білдіреді.

2. *Тілдік дағдыларды дамыту.* Зерттеуге қатысушылар мәтінмен жұмыс жасаудың тілдік дағдыларды қалыптастыруда маңызды екенін ерекше атап өткен. «Сөздік қорды дамыту», «Сауатты жазуға дағдыландырады», «Сауатты жазуға және оқуға үйретеді» деп оқу сауаттылығын жетілдіру үшін маңызды екенін көрсетеді.

3. *Ойлау қабілеті мен логиканы дамытады.* Бұл оқу сауаттылығының оқушылардың тек мәтінді түсіну қабілетін ғана емес, мәтінмен жұмыс жасау арқылы логикалық және сыни ойлау қабілеттерін де дамытатынын көрсетеді.

		жауаптан респонденттердің нақты бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын тексеру құралдары жайлы білімнің аздығын байқауға болады.
5	Түсініксіздік немесе ақпараттың жетіспеушілігі	М6, М12, М16, М22, М25, М30 оқу сауаттылықты тексеру құралдарын түсінуде қиындықтарға тап болғанын байқауға болады. Жауаптардың нәтижесіне қарай, бастауыш сынып мұғалімдеріне шығармашылық, зерттеу және проблемалық тапсырмаларды белсенді қолдануды үйрететін әдістемелік курстар мен материалдар әзірлеу маңызды екенін көрсетті.

Қорытынды. Сауалнамада берілген жауаптарды қорытындылар болсақ, бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін алдымен бастауыш сынып мұғалімдері арасында оқу сауаттылық туралы түсініктерін қалыптастыру өзекті.

Осылайша, оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін мұғалімдер мен білім беру ұйымдарының бірлескен жұмысы, инновациялық әдістер мен тәсілдерді қолдану, сондай-ақ, оқушылардың қызығушылығын арттыру маңызды. Бұл бағытта жүргізілетін жұмыстар оқу сауаттылығын дамытуға және оқушылардың білім деңгейін көтеруге ықпал етеді.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру – болашақта олардың білімділігі мен мәдениет деңгейін анықтайтын маңызды процес. Оқушының қызығушылығын арттыратын ойын элементтер, жобалық жұмыстар, топтық тапсырмалар, креативті оқыту әдістері – оқу үрдісін тартымды және нәтижелі етеді. Сонымен қатар, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі мен оқу материалдарының сапасы да үлкен рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Энциклопедия PIRLS 2021. Образовательная политика и учебная программа по чтению. <https://pirls2021.org/kazakhstan/>
2. Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға арналған әдістемелік нұсқаулық. Нұр-Сұлтан: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2020. – 4 б.
3. Шунишина Ш.М., Жумагулова З.А., Дору М. Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы, No1(81), 2024ж. <https://bulletin-pedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/2796/876>
4. Reill J. D. Functional Literacy: A Guide for Teachers. New York: (1970). – 173 p.
5. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ыбырай Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 107 б.
6. PIRLS-2016 Мәтінді оқу және түсіну сапасын бағалау. Дайындық құралы – Ақпараттық-талдау орталығының меншігі. Астана 2015. 5 – б.
7. Қазақ сөздігі. Қазақ тілінің бір томдық үлкен түсіндірме сөздігі. Алматы: «Дәуір баспасы», 2013. –994 б.
8. PISA TMS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын дамыту. оқу-әдістемелік құрал. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Астана 2014. 7 – б.
9. National Center for Education Statistics. NAEP Overview. U.S. Department of Education. Accessed Month Day, Year. <https://nces.ed.gov/nationsreportcard/>
10. William S. Gray. The Teaching of Reading and Writing: A Guide for Teachers. University of Chicago Press. 1936. – 122 p.
11. Rudolf Flesch. Why Johnny Can't Read: And What you Do About It. Harper & Row. 1956 – 45 p.
12. Hiebert E.H. The Role of Text in the Development of Literacy. Reading Research Quarterly, 44(3), 2009/ 244-258 p.
13. Chall, J. S. Learning to Read: The Great Debate. McGraw-Hill. 1967.
14. Выготский Л.С. Психология развития ребенка. — Москва: Смысл, 2000.

References:

1. Enciklopediya PIRLS 2021. Obrazovatel'naya politika i uchebnaya programma po chteniyu. <https://pirls2021.org/kazakhstan/>
2. Okushylardyn oku sauattylygyn qalyptastyrugа arналган adistemelik nuskaulyk. Nur-Sultan: «Nazarbaev Ziyatkerlik mektepteri» DBBY, 2020. – 4 b.

3. Shuinshina Sh.M., Zhmagulova Z.A., Doru M. Abai atyndagy KazNPU khabarshysy «Pedagogika gylymdary» seriyasy, No1(81), 2024zh.

<https://bulletin-pedagogy.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/2796/876>

4. Reilly, J. D. *Functional Literacy: A Guide for Teachers*. New York: (1970). – 173 p.

5. «2023-2024 oku zhylynda Kazakstan Respublikasynyn orta bilim beru uymdaryndagy oku-tarbie procesinin erekshelikteri turaly» adistemelik nuskau hat. – Astana: Ybyraj Altynsarin atyndagy UBA, 2023. – 107 b.

6. PIRLS-2016 Matindi oku zhane tusinu sapasyn bagalau. Dajyndyq quraly – Akparattyq-taldau ortalygynyn menshigi. Astana 2015. 5 – b.

7. Қазақ соzdigi. Қазақ tilinin bir tomдық ulken tusindirme sozdigi. Almaty: «Dauir baspasy», 2013. – 994 b.

8. PISA TIMS zertteulerinin tapsymalary negizinde oqushylardyn gylimi zharatylystanu sauattylyktaryn damytu. oku-adistemelik qural. Y.Altynsarin atyndagy Yltyk bilim akademyasy. Astana 2014. 7 – b.

9. National Center for Education Statistics. NAEP Overview. U.S. Department of Education. Accessed Month Day, Year. <https://nces.ed.gov/nationsreportcard/>

10. William S. Gray. *The Teaching of Reading and Writing: A Guide for Teachers*. University of Chicago Press. 1936. – 122 p.

11. Rudolf Flesch. *Why Johnny Can't Read: And What You Can Do About It*. Harper & Row. 1956 – 45 p.

12. Hiebert, E. H. *The Role of Text in the Development of Literacy*. *Reading Research Quarterly*, 44(3), 2009/ 244-258 p.

13. Chall, J. S. *Learning to Read: The Great Debate*. McGraw-Hill. 1967.

14. Vygotskij L.S. *Psihologiya razvitiya rebenka*. — Moskva: Smysl, 2000.

ҒТАХР 14.25.17

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.86.2.033>

Г.Б.Жораева,¹  Г.И.Уайсова,¹  А.Н.Жорабекова*² 

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

² М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ИНТЕЛЛЕКТИСІН ОНЛАЙН ПЛАТФОРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Аңдатпа

Қазіргі уақытта цифрландыру дәуірінде білім беру саласына әртүрлі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қарқынды енгізілуде, бұл оқушылардың оқуға мотивациясын, оқу дағдылары мен қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, мұндай технологиялар ақыл-ойы жоғары көрсеткіштерге ие, интеллектісі артқан, эмоциясын тапп, қабылдайтын, жағымды қарым-қатынас орната алатын, өзін-өзі басқара алатын жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Осының барлығы осындай тұлғаны жастайынан тәрбиелеу мәселесін өзекті етеді, атап айтқанда оның ойлау процесін кеңейтуге, негізгі шешімдерді қабылдауға, ақпаратты басқаруға және оқу іс-әрекетінде жағымды қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін оның эмоционалдық интеллектін дамыту. Бұл тапсырманы жүзеге асыру үшін зерттеу мәселесінің теориялық негіздері мен практикалық тәжірибесіне талдау жасалды. Бұл зерттеу тиімділігі эксперименталды түрде тексерілген онлайн платформалар арқылы эмоционалдық интеллектті дамыту жолдарын зерттеуге бағытталған.

Түйін сөздер: эмоционалдық интеллект, онлайн платформалар, бастауыш сынып оқушылары, оқу тапсырмалары, эмоционалдық интеллектті дамыту жолдары.